

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

---

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

несие жүйесінің дұрыс жүргізілуін қадағалау - ол мемлекеттің экономика және қаржы саласындағы басты міндеттерінің бірі. Қазақстан Республикасындағы несие жүйесін жүргізіп отырған Орталық банктің банктік және банктік емес мекемелерге жүргізіліп отырған шараларын сараптай келе, несиелік пайыз мөлшерлемесінің жоғары екендігін және проблемалық несиелердің көптеп кездесуін байқадық. Осыған орай елбасымыздың жолдауына сәйкес Ұлттық қордан ақша бөлінді және қазіргі таңда бұл мәселенің аясында жұмыстар жүргізілуде.

#### **Қолданылған әдебиет**

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы.
2. [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).
3. Ақша, несие, банктер/Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі Сейітқасымов Ғ.С. Алматы: «Экономика», 2011. – 416 бет.
4. <http://kaz.kkb.kz/page/News?no=1721>

**ӘОЖ: 334:346.26**

### **ЖАҒАНДЫҚ ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ**

**Көлбай Ақмарал Мырзалықызы**  
*maral\_13\_97@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультеті, «Қаржы» мамандығының 2 курс  
студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А.Нурбаева

Ақша – несие саясаты – бұл мемлекет пен монетарлық биліктердің ақша-несие қатынастары саласындағы мақсатты бағытталған, арнайы құралдар мен әдістер арқылы жүзеге асырылатын және қоғамның тұрақты дамуын, инфляция мен жұмыссыздықтың төмен деңгейінде бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларының жиынтығы болып табылатын біртұтас макроэкономикалық саясаттың бір бөлігі.

Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Жолдауында: «Әлемдік экономикадағы қолайсыз ахуалды ескере отырып, біз инфляциядан әрбір қазақстандықтың кірістерін қорғауды қамтамасыз ететін және экономикалық өсім үшін лайықты деңгейін ұстап тұратын боламыз. Бұл үшін Ұлттық Банк пен Үкіметке Президент Әкімшілігінің үйлестіруімен экономиканы қажетті ақша ресурстарымен қамтамасыз етуге бағытталған түбегейлі ақша – несие саясатының жаңа жүйесін әзірлеу қажет», - деген болатын. Сондықтан ақша-несие саясатының негізгі мақсатын анықтап, жүзеге асыру механизмін жетілдіру, банктерді проблемалық несиелерден арылту мәселесі әлемдік жаһандану, интеграциялану сатысындағы Қазақстан үшін өзекті мәселе болып табылады [1].

Ұлттық Банктің 2014 жылы ақша – несие саясатына әлемдік экономикадағы дамушы елдерден дамыған елдерге капиталдың әкетілуіне себепші болған АҚШ-та, қаржы секторын қолдау бойынша дағдарысқа қарсы бағдарламалардың қысқаруы елеулі ықпал етті. Нәтижесінде дамушы елдердің (Бразилияның, Ресейдің, Үндістанның, Қытайдың және Оңтүстік Африка Республикасының) валютасына қысым өсті. Дамушы елдер валюталарының көпшілігі күнсызданды немесе бағамның төмендеу үрдісін көрсетті. Теңгенің қайта бағаланған нақты айырбастау бағамы бәсекеге қабілеттілікті төмендетуге және қазақстандық экспортерлер үшін сыртқы сауда талаптарының нашарлауына әкелді.


Нәтижесінде Қазақстан экономикасында девальвациялық күтулер күшейді, алыпсатарлық операциялардың көлемі өсті. Осыған байланысты Ұлттық Банк ауқымды валюталық өктемдікті жүзеге асырды, елдің алтын валюта резервтерінің деңгейі төмендеді.

Осыған байланысты, Ұлттық Банк 2014 жылғы 11 ақпаннан бастап айырбастау бағамын бұрынғы деңгейде ұстап тұрудан бас тарту, валюталық өктемдіктер көлемдерін төмендету және теңгенің айырбастау бағамын қалыптастыру процесіне араласуды қысқарту шешімін қабылдады. Бұл импортталатын тауарлар бағасының өсуі салдарынан инфляциялық процестердің, сондай-ақ Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуі нәтижесінде күшейген девальвациялық күтулердің шамалы жылдамдатылуына себепші болды [2, 136].

Қазақстанның валюта нарығында теңгемен өтімділікті шетелдік өтімділікке айырбастау бойынша операциялардың өсуі, валюталық салымдар үлесінің өсуі байқалды. 2014 жылы ұлттық валютадағы депозиттер 5,2 трлн. теңгеге дейін 17,7%-ға төмендеді, шетел валютасында – 6,5 трлн. теңгеге дейін 72,2%-ға өсті. Ұлттық Банк банктердің өтімділігін реттеу үшін кері РЕПО және валюталық своп операциялары арқылы қысқамерзімді теңгемен өтімділікті беру жөніндегі операцияларды жүргізді. Валюта нарығындағы жағдайдың тұрақтануы Ұлттық Банкке 2014 жылғы қыркүйекте теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамының ауытқу дәлізін кеңейтуге және 185 +3/-15 теңге асимметриялық дәлізді белгілеуге мүмкіндік берді. 2014 жылы ең төменгі резервтік талаптар нормативтері бұрынғыдай болып қалды, бұл ретте резервтік активтердің құрылымы 2014 жылы бірте-бірте өзгерді: банктердің теңгемен корреспонденттік шоттарының үлесі (2013 жылғы 30 желтоқсандағы 55,4%-дан 2014 жылғы 29 желтоқсандағы 44,5%-ға дейін) төмендеді. Резервтік активтер көлемінің төмендеуіне (2014 жылғы 29 желтоқсандағы жағдай бойынша жыл басынан бастап 2,1%-ға төмендеу) қарамастан, 2014 жылы резервтік активтер жалпы алғанда жүйе бойынша резервтеудің қажетті көлемінен орташа 2,2 есе асты.

Айтарлықтай сыртқы күйзелістер жағдайында, мұнайға бағаның құлдырауын және Қазақстанның саудадағы негізгі әріптес елдерінің ұлттық валюталарының әлсіреуін қоса алғанда, 2015 жылғы 20 тамызда Ұлттық Банк Қазақстан Үкіметімен бірлесе отырып теңгенің өзгермелі айырбастау бағамына көшу туралы шешім қабылдады. Ортамерзімді кезеңде инфляция бойынша нысаналы бағдарға қол жеткізу мақсатында Ұлттық Банк 2015 жылғы 2 қыркүйекте 12,0% деңгейінде базалық мөлшерлемені енгізді және пайыздық мөлшерлемелер дәлізін қалыптастырды [3, 8 б].

2015 жылғы қаңтар-маусымда ІЖӨ-нің нақты өсуі 1,7%-ды құрады. ІЖӨ-нің өсу қарқындарының баяулауы, негізінен, ықпалына айтарлықтай экономикасы шикізатқа бағытталған елдердің ұшыруы мүмкін сыртқы факторлардың әсеріне байланысты. Біріншіден, бұл қазақстандық экспорттық өнімдерге, мұнай, металл, бидай сияқты өнімдерге бағаның төмендеуі. Екіншіден, Қазақстанның саудадағы негізгі әріптестер елдері экономикасының баяулауы, сондай-ақ аймақтағы күрделі геосаяси ахуалдың сақталуы.



Сурет 1 - Инфляция деңгейі. ҚР Ұлттық Банкінің ресми сайтынан алынған [2, 6 б].

Экономист мамандардың бағалауы бойынша, ЕО-ғы және Қытайдағы тұрақты экономикалық өсуге қарамастан, Ресейдегі құлдырау үрдісі Қазақстандағы экономикалық

өсуді шектейтін болады. Ақша нарығы мөлшерлемелерінің жоғарғы және төменгі шектерін қалыптастыратын өтімділікті беру және алу жөніндегі тұрақты қолжетімділік операциялары бойынша мөлшерлемелер тиісінше 17% және 7% деңгейінде қалыптасты.

Долларға деген алыпсатарлық сұраныстан туындаған айырбастау бағамына деген шамадан тыс қысым жағдайында 2015 жылғы 2 қазаннан бастап Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 16%-ға дейін көтерді және пайыздық мөлшерлемелер дәлізін  $\pm 1$  п.т. дейін көтерді. Базалық мөлшерлемені арттыру халықтың инфляциялық күтулерін төмендету мақсатында қабылданды. Дәлізді тарылту туралы шешім пайыздық мөлшерлемені басқаруды қамтамасыз етуге және инфляция мақсаттарына қол жеткізу үшін олардың рөлін арттыруға да бағытталған болатын [2, 146].

Кесте 1– Қазақстанның ақша – несие саясатына SWOT талдау

| Мықты жақтары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Әлсіз жақтары                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. Шикізат көздеріне бай болғандықтан, шет елдерден инвестициялық көздердің мол тартылуы;<br>2. Шикізат көздерін пайдалануды үнемдеу мақсатында «жасыл экономикаға» көшу бағдарламасының қабылдануы;                                                                                                                                         | 1. Ұлттық валютамыздың құнсыздануға бейім келуі;<br>2. Қазақстан экономикасында экспорттан импорттық үлестің басым болуы;<br>3. Пайдалы қазбаларды өз елімізде өндіріп сату үшін білікті кадр мамандардың тапшылығы;                                                                                            |
| Сын - қатерлер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Мүмкіндіктер                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| 1. Техникалық бағыттағы білікті мамандардың шет елдерге кетуі;<br>2. Теңгенің құнының төмендеуі және соған сәйкес инфляция деңгейінің жоғарылауы;<br>3. Екінші деңгейлі банктердің тұтыну несиесінің мөлшерлемесін көтеруі;<br>4. Шағын және орта кәсіпорын субъектілеріне берілетін субсидия, дотация сияқты қаржылық көмектердің қысқаруы; | 1. Ақша-несие саясатының тиімділігін жоғарылату үшін банк жүйесі реформасының әзірленуі;<br>2. Ақша ұсынысын реттеу мақсатында икемділік коэффициентінің құбылмалылығын бәсеңдету, экономиканы монетизациялау коэффициентін дамыған елдер көрсеткіштеріне жақындатуға бағытталған шаралар кешенінің дайындалуы; |
| Ескерту: 1- кесте автормен құрастырылған.                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |

ҚР Ұлттық Банкіне өтімділікті ұсыну/қайта алу тұрақты механизміне өзгерістер енгізуі және ашық нарықтағы операциялар бойынша жаңа құрал – бағалы қағаздарды кері сататын мүмкіндігімен сату аукционын енгізу қажет. Ұзақ мерзімді қорландыру көздерін табу мен спекулятивті операцияларды азайту мақсатында ең төменгі резервтеу талаптарының нормативтерін өзгерту мәселесін зерттеу қажет.

ҚР Үкіметі мен Ұлттық Банк ақша нарығында мөлшерлемелердің құбылмалылығын шектеуге ұмтылу және бекітілген пайыздық дәлізден орташа деңгейде сақтап тұрулары қажет. Ақша массасын қадағалау, девальвацияның қайталануына жол бермеу мақсатында елімізде өңдеуші өнеркәсіптің үлесін арттыру қажет.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда елімізде болып жатқан девальвация, яғни, теңгеміздің құнсыздануы тек Қазақстанның Ұлттық банкінің ақша – неси саясатын дұрыс жүргізбеуіне ғана байланысты емес, әлемдік ахуалдармен байланысты. Жоғарыда келтірілген диаграммадан, қазіргі таңдағы инфляция мөлшері 2007- 2008 жылғы инфляция мөлшерінен әлдеқайда төмен екендігін байқауымызға болады. Бұл Қазақстанның соңғы онжылдықта дағдарыс қарсы тұра алатын ақша – несие саясатын жүргізе білуінде. Сонымен бірге, SWOT талдаудан көріп тұрғанымыздай, еліміздің ақша –несие саясатының мықты жақтарынан әлсіз жақтары мен сын- қатерлерінің көп екендігін байқауымызға болады. Келешекте мықты жақтарымыз бен мүмкіндіктерімізді пайдалана отырып, девальвациялық күтулерді алдын алып, инфляцияның жоғары қарқынына жол бермей, әлсіз жақтарымызды азайту үшін ҚР Ұлттық Банкіне шетел мемлекеттерінен көптеген тәжірибе жинақтау керек.

### Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан
2. жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17 қаңтар 2014 жыл.
3. <http://www.nationalbank.kz/> Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми сайты. Ақша-несие саясатының бағыттары
4. Интернет ресурсы: <http://www.nationalbank.kz/> Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми сайты. Инфляцияға шолу

УДК 621.363

## ПРОЕКТНЫЙ МЕНЕДЖМЕНТ В НАЦИОНАЛЬНОЙ КОМПАНИИ

Куандыков Нурсултан Амиралиевич

*kuandykov.n06@gmail.com*

студент 4 курса специальности «Менеджмент»

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – к.э.н., доцент К.А. Кирдасинова

Проект (project) - целенаправленный, заранее проанализированный и спланированный комплекс взаимосвязанных мероприятий по созданию или изменению какого-либо объекта (совокупности объектов) направленный на достижение заранее определенных целей в течение заданного периода времени, при установленном бюджете и определенном качестве [1].

Управление проектами — в соответствии с определением национальным стандартом ANSI PMBoK — область деятельности, в ходе которой определяются и достигаются четкие цели проекта при балансировании между объемом работ, ресурсами (такими как деньги, труд, материалы, энергия, пространство и др.), временем, качеством и рисками. Ключевым фактором успеха проектного управления является наличие четкого заранее определённого плана, минимизации рисков и отклонений от плана, эффективного управления изменениями (в отличие от процессного, функционального управления, управления уровнем услуг).

Продуктами проекта могут быть продукция предприятия или организации (результаты научных и маркетинговых исследований, проектно-конструкторская и технологическая документация на новое изделие, разработанные для заказчика) и решение разных внутренних производственных задач (например, повышение качества продукции и эффективности организации труда, оптимизация финансовых потоков).

Управление проектами является частью системы менеджмента предприятия.

Альтернативные стандарты и школы иногда вкладывают в понятие управления проектами более широкий или более специфический смысл [2].

Республиканское государственное предприятие «Қазақстан теміржолы» было создано постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 января 1997 года № 129 «О реорганизации предприятий железных дорог Республики Казахстан» путем слияния республиканских государственных предприятий: Управления Алматинской железной дороги, Управления Целинной железной дороги и Управления Западно-Казахстанской железной дороги. Целью слияния являлись оптимизация структуры управления перевозочным процессом и ликвидация излишних звеньев, финансово-экономическое оздоровление железнодорожной отрасли [3].

Постановлением Правительства Республики Казахстан от 15 марта 2002 года № 310 «О создании закрытого акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан теміржолы» образовано закрытое акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан теміржолы» путем слияния Республиканского государственного предприятия «Қазақстан теміржолы» и его дочерних государственных предприятий.